



МАШАГИИ), Жерге орналастыру жөніндегі Қазақ мемлекеттік жобалау институты (ҚазМЖОЖИ), Жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік Тың жобалау институты (ТыңМЖОЖИ) және олардың облыстардағы бөлімшелері Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бірыңғай жүйесін құрайды.

Облыстардағы, аудандардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттер Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары болып табылады.

Мемжеркомның орталық аппаратының және оның жергілікті жерлердегі органдарының қызметі республикалық бюджеттен оларды ұстауға арналған шығындарды орталықтандырылған қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады.

3. Мемжерком облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының министрліктерімен және ведомстволарымен қатар Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау үшін жауапты болады.

4. Мемжерком өз құзыреті шегінде:

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының министрліктерімен және ведомстволарымен, қоғамдық ұйымдарымен, хұқық қорғау органдарымен жерді пайдалануды және қорғауды реттеу, жер реформасын жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-әрекет жасайды;

жер жөніндегі заңдарды қолдану практикасын жинақтап, қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді.

5. Мемжеркомның және оның жергілікті жерлердегі органдарымен өз құзыреті шегінде қабылдайтын шешімдерін ведомстволық бағыныстылығына және меншік түрлеріне қарамастан барлық министрліктер, ведомстволар, ассоциациялар, бірлестіктер, жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар о р ы н д а у ғ а м і н д е т т і .

6. Мемжерком, оның құрылымдық бөлімшелері және жергілікті органдары өз өкілеттігін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

7. Мемжеркомның негізгі міндеттері:

жер реформасын жүргізу, жерде шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарын тең хұқықта дамытудың экономикалық ынталандыру шараларын ә з і р л е у ;

жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын сақтау және ұдайы жақсарту үшін әлеуметтік=экономикалық және ұйымдық=шаруашылық жағдай

ж а с а у ;

жерді пайдалану мен қорғауға, жер мониторингінің, жерге орналастырудың, мемлекеттік жер кадастрының жүргізілуіне мемлекеттік бақылау жасау;

жер реформасы және жер ресурстарын пайдалану мәселелері жөніндегі заңдар мен басқа да нормативтік актілерді әзірлеу;

жер реформасын жүзеге асыруға байланысты кәсіпкерлік қызметке жәрдемдесу болып табылады.

8. Мемжерком өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді, оның ғылыми, кадр және әдістеме жағынан қамтамасыз етілуін жүзеге асырады, жер реформасын жүргізудің республикалық және аймақтық бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

өзіне қарасты жобалау ұйымдарының күшімен мемлекеттік жерге орналастыру, сондай-ақ топографиялық=геодезиялық, картографиялық, топырақ, агрохимиялық, геоботаникалық және басқа тексеру және іздестіру жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

пайдаланылмай және тиімсіз пайдаланылып жүрген жерлерді үнемі анықтап отыруды және кейін бөлу үшін арнаулы жер қорын жасауды қамтамасыз етеді;

жерді пайдалану және қорғау, жер реформасы мәселелері жөнінде ғылыми=техникалық ақпаратты ұйымдастырады;

жер үшін төлем белгілеу және жерді ұтымды пайдалануды экономикалық ынталандыру шаралары жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жерді пайдалану және қорғау ісіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

өнеркәсіптік және өзге мақсаттағы объектілерді орналастыру, салу, қайта құру немесе кеңейту кезінде, соның ішінде шаруашылық ішіндегі құрылыс, геологиялық барлау, іздестіру және басқа жұмыстар жүргізу кезінде жер заңдарының бұзылуын жоюға шара қолданады;

мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізуді қамтамасыз етеді, жер кадастр карталарының мемлекеттік қорын және мониторингінің басқа да материалдарын жасайды;

жер ресурстарының жайы мен пайдаланылуы жайындағы тақырыптық карталар мен атластарды құрастыру және басып шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

жер ресурстарының жай-күйі туралы республика үшін бірыңғай деректер банкін құрады;

бағдарламалардың, сызбалардың және жобалардың жер иеленуді, жер пайдалануды, жерге орналастыруды және жерді ұтымды пайдалану бөлігіндегі

сараптамасын жүзеге асырады;

жер реформасын жүргізу мақсатында республикалық маңызы бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалау-іздігіру жұмыстарына тапсырыс беруші және оларды қаржыландырушы қызметін атқарады;

барлық әкімшілік-аумақтық және аумақтық-өндірістік шекараларды техникалық жағынан ресімдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

жыл сайын: қолда бар жер және оларды категориялары, жарамдылығы, жер иеленушілер және жер пайдаланушылар бойынша бөлу туралы, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау туралы, бұзылған жерлерді рекультивациялау, топырақтың құнарлы қабатын алу және пайдалану туралы есептер әзірлейді;

жерді пайдалану және қорғауды ұйымдастыру саласында және өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша мемлекеттік басқару органдарымен, ғылыми ұйымдармен және шет ел фирмаларымен сыртқы экономикалық байланысты, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

## 9. Мемжеркомның:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардан, жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардан, бағыныстылығына және меншік түрлеріне қарамастан, жерді пайдалану және қорғау мәселелері жөнінде ақпарат алуға;

жер реформасын жүргізудің Республикалық бағдарламасын жүзеге асыру барысы, халық шаруашылығы саласындағы және республика аймақтарындағы талдамалар жасау нәтижелері және жер реформасы шараларын жүзеге асыру туралы өз мәжілістеріндегі республикалық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының хабарламаларын тыңдауға;

мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті органдардың жер реформасы және жер ресурстарын пайдалану мәселелері жөнінде қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін нормативтік актілерінің күшін жою туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс жасауға;

тиісті халық депутаттары Кеңестері мен әкімдерінің қарауына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 24-бабында көзделген негіздер бойынша жер учаскелерін иелену мен пайдалану және олардың жалға беру хұқығын тоқтату туралы, сондай-ақ құрылыс жұмыстарын тоқтату, қорғалатын аумақтар құру, жерді игеру мен жақсарту жөніндегі шарларды жүргізу, тиісті жобаларсыз немесе олардан ауытқып жүзеге асырылатын аумақтар құруға байланысты басқа да шаралар туралы ұсыныс енгізуге;

сот органдарында қуынушы болуға;

жер реформасын жүзеге асыру, өздеріне қарасты кәсіпорындар мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мақсатында белгіленген

тәртіппен дербес немесе басқа құрылтайшылармен бірлесіп қорлар, ассоциациялар бекітуге хұқығы бар.

10. Мемжерком Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдері негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар, нұсқамалар және басқа нормативтік актілер шығарады, тапсырмалар береді, олардың орындалуын ұйымдастырады және тексереді. Комитет қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының басқа министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп актілер шығарады.

11. Мемжеркомды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тағайындалған Төраға басқарады.

## 1 2 . Т ө р а ғ а :

Мемжеркомның және оған бағынышты ұйымдар мен мекемелердің қызметін басқарады, оларға міндетті болатын бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді;

Мемжеркомға жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз қызметін жүзеге асыруына жеке жауапты болады, Төраға орынбасарларының арасындағы міндеттерді бөледі, Төраға орынбасарларының және Мемжеркомның құрылымдық бөлімшелері басшыларының жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

белгіленген саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Комитеттің орталық аппаратының, штат кестесін, оның бөлімшелері туралы ережені, сондай-ақ Комитеттің тікелей бағынысындағы немесе Комитет жанындағы мекемелер мен ұйымдар туралы құрылым мен ережені бекітеді;<\*>

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін, жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитеттер төрағаларының орынбасарлары мен бас бухгалтерлерін, өзіне бағынышты институттардың, олардың филиалдарының, бөлімшелері мен экспедицияларының басшыларын қызметке тағайындайды және оларды қызметтен босатады, сондай-ақ облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің келісімімен - тиісінше облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттерінің төрағаларын қызметке тағайындайды және оларды қызметтен босатады;

әкімшілік хұқық бұзушылық туралы істі қарайды және жер заңдарын бұзғаны үшін белгіленген әкімшілік жаза қолданады.

Ескерту. 12 тармақтың төртінші абзацынан сөз алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

13. Төрағаның 4 орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасары б о л а д ы .

Төрағаның орынбасарларын белгіленген тәртіппен Қазақстан

Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

14. Мемжеркомда алқа құрылады. Алқа құрамына Комитет төрағасы (алқаның төрағасы), қызметі бойынша оның орынбасарлары және Комитеттің жетекші құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді. Алқаның құрамына басқа органдар мен ұйымдардың өкілдері де кіруі мүмкін. Алқаның адам құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

15. Мемжерком алқасы өзінің мәжілістерінде жер реформасын жүргізудің, жер ресурстарын пайдаланудың, оларды қорғаудың, топырақты сақтау мен оның құнарлылығын ұдайы жақсартудың, жер реформасын жүргізудің Республикалық бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі мәселелерін қарайды.

Алқаның шешімі Комитет төрағасының бұйрықтарымен және өкімдерімен іс жүзінде асырылады.

16. Жер реформасын жүзеге асырудың, жер ресурстарын пайдалану мен қорғаудың ғылыми-техникалық мәселелерін қарау үшін Мемжеркомның ғылыми-техникалық кеңесі құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңес және оның құрамы туралы ережені Комитет төрағасы бекітеді.

17. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 178-бабына сәйкес халық депутаттары Кеңестері, Мемжеркомның жерге орналастыру қызметі, табиғат қорғау органдары және осыған арнаулы уәкілдік берілген органдар жүзеге асырады.

18. Мемжерком жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдарының міндеттері, құрамы, олардың міндеттері мен хұқықтары осы Ереженің IV бөлімінде белгіленеді.

19. Мемжерком заңды ұйым болып табылады, оның банк мекемелерінде есептік және өзге шоттары, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

II. Облыстың, Алматы және Ленинск қалаларының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті

20. Облыстың, Алматы және Ленинск қалаларының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті жерді ұтымды пайдалану, топырақ құнарлылығын ұдайы арттыру, табиғи ортаны сақтау және жақсарту, жерде шаруашылық жүргізудің барлық түрлерін тең хұқықпен дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында жергілікті жерлерде жер саясатын жүзеге асыру жөніндегі аймақтық мемлекеттік басқару органы болып табылады және өз қызметінде тікелей Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

## 21. Комитеттің негізгі міндеттері:

облыс, Алматы және Ленинск қалалары аумақтарында жер реформасын жүзеге асыру;

жерді пайдалануды ұйымдастырудың тиімділігі жоғары нысанын дамыту және нығайту үшін жағдай жасау мақсатында жер пайдалану жүйесін қайта құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

жерді пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, жер мониторингін, жерге орналастыру мен мемлекеттік жер кадастрын жүргізу;

жерді ұтымды пайдаланудың экономикалық механизмін жасауға қатысу болып табылады.

## 22. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін комитет:

жер реформасын жүргізу бағдарламасын әзірлеуге қатысады және оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

жер ресурстарын пайдалануды ұйымдастырудың тиімділігі жоғары нысандарын дамытуға және нығайтуға бағытталған қажетті әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық-шаруашылық жағдайлар жасау жөніндегі ұсынысты әзірлейді;

жерге баға беру жөніндегі жұмысты жүргізуге қатысады;

жер үшін төлемді, жерді ұтымды пайдалануды экономикалық ынталандыру шараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

пайдаланылмай жатқан және тиімсіз пайдаланып жүрген жерлерді үнемі анықтап отыруды және кейін қайта бөлу үшін арнаулы жер қорын құруды қамтамасыз етеді;

жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

жергілікті мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының жер реформасы және жер ресурстарын пайдалану мәселелері жөнінде белгіленген тәртіппен қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныс енгізеді;

тиісті жергілікті әкімдердің немесе халық депутаттары Кеңестері қарауына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 24-бабында көзделген негіздер бойынша жер учаскелерін иелену мен пайдалану және олардың жалға беру хұқығын тоқтату, сондай-ақ құрылыс жұмыстарын тоқтату, қорғалатын аумақтар құру, жерді игеру мен жақсарту жөніндегі шараларды жүргізу, тиісті жобаларсыз немесе олардан ауытқып жүзеге асырылатын аумақтарды құруға байланысты басқа да шаралар туралы ұсыныс енгізеді;

мемлекеттік жер кадастрын және жер мониторингін жүргізеді;

жобалау ұйымдарының күшімен мемлекеттік жерге орналастыру, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақ, геоботаникалық, басқа да тексеру және іздестіру жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

жер ресурстарының сандық және сапалық жай-күйі туралы деректердің бірыңғай банкін құрады және республика үшін бірыңғай банк құруға қатысады;

облыстық және аудандық бағыныстағы қалаларда жерге орналастыру қызметін жерді есепке алу, жер иеленушілерді, жер пайдаланушыларды тіркеу және жер иеленуге, пайдалануға және жалға беруге хұқық беретін актілер беру, жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыру, жер үшін төлем жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу бөлігінде үйлестіріп, бағыт беріп отырады;

қолда бар жер және оларды категориялары, жарамдылығы бойынша, жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға бөлу туралы, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау, бұзылған жерді рекультивациялау, топырақтың құнарлы қабатын алу және пайдалану туралы жыл сайын есеп әзірлейді.

23. Комитетті облыстық, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен келісіп Мемжерком тағайындаған төраға басқарады.

К о м и т е т      т ө р а ғ а   с ы :

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқау береді, ұйымдастырады және олардың орындалуын тексереді;

комитет аппаратының қызметкерлерін (төрағаның орынбасары мен бас бухгалтерден басқасын), аудан әкімінің келісімімен аудандардың жерге қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттерінің төрағаларын тағайындайды және қызметтен босатады;

әкімшілік хұқық бұзушылық туралы істерді қарайды және жер заңдарын бұзғаны үшін белгіленген әкімшілік жаза қолданады.

24. Комитет аппаратының құрылымы мен штаттық кестесін Мемжерком бекітеді.

25. Комитет заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

III. Аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет

26. Аудандағы жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет жер реформасы және жергілікті жерлерде жер саясатын жүзеге асыру жөніндегі аумақтық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

27. Аудандық комитет өз қызметінде тікелей облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетіне бағынады.

28. Комитеттің негізгі міндеті:



аудан аумағында жер реформасын жүргізу;  
жерді пайдалануды ұйымдастырудың тиімділігі жоғары нысандарын дамыту және нығайту үшін жағдай жасау мақсатында жер пайдалану жүйесін қайта құру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;  
кейін қайта бөлу үшін жер қорын және арнаулы жер қорын жасау болып т а б ы л а д ы .

29. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін комитет:  
жер реформасын жүргізу бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;  
жер қорын түгендеу ісін жүргізуге қатысады;  
жер реформасын жүргізу, жер ресурстарын пайдалануды ұйымдастырудың тиімділігі жоғары нысандарын дамыту мен нығайтуға бағытталған қажетті әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық-шаруашылық жағдай жасау жөнінде ұ с ы н ы с е н г і з е д і ;

жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;  
жерге баға беру ісін жүргізеді;  
жер-кадастр құжаттамасы мен жер мониторингін ұйымдастырады және ж ү р г і з е д і ;

жер үшін төлем белгілеу жөнінде ұсыныс енгізеді;  
өнеркәсіптік және өзге мақсатқа арналған объектілерді орналастыру, салу, қайта құру немесе кеңейту, оның ішінде шаруашылықтың ішкі құрылыстарын салу, геологиялық барлау, іздестіру және басқа жұмыстарды жүргізу кезінде жер заңдарының бұзылуын жоюға шара қолданады;

нақты пайдаланып отырған жер учаскесін ескере отырып, барлық жер учаскелерін қайта тіркеуді жүзеге асырады;

Аудан әкімінің қарауына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 24-бабында көзделген негіздер бойынша жер учаскелерін иелену және пайдалану және олардың жалға беру құқығын тоқтату туралы, сондай-ақ құрылыс жұмыстарын тоқтату, қорғалатын аумақтар құру, жерді игеру мен жақсарту жөніндегі шараларды жүргізу, тиісті жобаларсыз немесе олардан ауытқып жүзеге асырылатын аумақтарды құруға байланысты басқа да шаралар туралы ұсыныс е н г і з е д і ;

мемлекеттік жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақ, агротехникалық, геоботаникалық, зерттеу және басқа іздестірулер жөніндегі жұмыстарды бақылайды және қабылдайды;

жер ресурстарының сандық және сапалық жай-күйі туралы деректердің бірыңғай банкін құру жөнінде шара қолданады;

қолда бар жерлерді және олардың категориялары, құнарлылығы бойынша және жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға бөлу туралы, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау, бұзылған жерді рекультивациялау,

топырақтың құнарлы қабатын алу және пайдалану туралы жыл сайын есеп әзірлейді.

30. Аудандық комитетті төраға басқарады.

Аудандық комитеттің төрағасын аудан әкімінің келісімімен облыстық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті тағайындайды.

31. Комитет төрағасы:

өз құзыреті шегінде нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді; әкімшілік хұқық бұзушылық туралы істерді қарайды және жер заңдарын бұзғаны үшін белгіленген әкімшілік жаза қолданады.

32. Комитет заңды ұйым болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

ІҮ. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекетті бақылау жасау

33. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасаудың міндеті - жерді ұтымды пайдалану мен қорғау мақсатында барлық мемлекеттік және қоғамдық органдардың, мемлекеттік, кооперативтік және өзге қоғамдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, азаматтардың, жер заңдарын, жер пайдалану тәртібін, жер кадастры мен жерге орналастыру ісін жүргізуінің дұрыстығын сақтауды қамтамасыз ету.

34. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Мемжерком жүйесі органдарының құрамында:

Комитеттің орталық аппаратының жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау бөлімі;

облыстардағы, аудандардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы жер қатынастары және жерге орналастыру комитеттері кіреді.

35. Қазақстан Республикасында жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауға басшылықты қызметі бойынша сонымен бір мезгілде Мемжерком төрағасының бірінші орынбасары болып табылатын, Қазақстан Республикасының жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы жүзеге асырады.

Комитеттің жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау бөлімінің бастығы сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары болып табылады.

Облыста, ауданда, Алматы және Ленинск қалаларында жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауға басшылықты сонымен бір мезгілде қызметі бойынша облыстық, аудандық, Алматы және Ленинск қалалық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттерінің төрағалары болып табылатын

облыстың, ауданның, Алматы және Ленинск қалаларының бас мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

36. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар хұқығы Мемжерком жүйесінің басқа қызметкерлеріне де беріледі, Комитет бекіткен тізбеге сәйкес оларға жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жүктеледі.

37. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылаудың міндеттеріне сәйкес Мемжерком органдары:

а) бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, азаматтардың, шетелдік адамдар мен заңды ұйымдардың жер заңдары, жергілікті әкімдер шешімдерін, Мемжеркомның жерді ұтымды пайдалану мен қорғау мәселелері жөніндегі бұйрықтарының нұсқамалары мен нұсқауларының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

жер иеленушілердің, жер пайдаланушылар мен азаматтардың жер учаскелерін берілген мақсаттарға сай пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;

кейін қайта бөлу үшін халық депутаттары Кеңестерінің арнаулы жер қорын жасау мақсатында пайдаланылмай жатқан және тиімсіз пайдаланылып жүрген жерлерді анықтайды;

жердің дұрыс пайдаланылуына және барлық жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және оны сақтау, жерді ластану мен бұзылудан, эрозиядан, дефляциядан, шөлге айналудан және басқа зиянды ықпалдар мен процестерден қорғау, аумақты экологиялық жағынан ұтымды ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешенін орындауына бақылауды жүзеге асырады;

жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу жөнінде белгіленген ереженің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

жерді пайдалануға байланысты, жерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтау бөлігінде, жерге орналастыру жобаларын және басқа жобаларды жүзеге асыруды бақылайды;

ауыл шаруашылығына емес мұқтажға алып қою үшін белгіленген жер учаскелерінің орналасқан жері және шамамен алғанда мөлшері туралы келісуге берілген материалдарды қарайды;

топырақ қабатын бұзуға байланысты жұмыс жүргізетін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың топырақтың құнарлы қабатын алуы мен сақтауына, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру және басқа мақсаттар үшін уақытша пайдалануға бөлінген жер учаскелерін дер кезінде, лайықты дәрежеде рекультивациялануына және ауыл, орман немесе балық шаруашылығына

пайдалануға жарамды жағдайға келтірілуіне бақылауды жүзеге асырады;  
мердігер ұйымдар, сондай-ақ жер иеленушілер және жер пайдаланушылар күшімен орындалған эрозияға қарсы жұмыстың сапасын тексеруді ұйымдастырады;

жер пайдалануға байланысты бағдарламалар мен жобалардың сараптамасын жүргізеді;

жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға жерді дұрыс пайдалануды ұйымдастыруда, жерді қорғау жөнінде эрозияға қарсы және басқа шараларды жүргізуде көмек көрсетеді;

жер заңдарын насихаттауға қатысады.

38. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың: жер заңдары талаптарының сақталуын тексеру үшін белгіленген үлгідегі қызметтік куәлігін көрсетіп, бағыныстылығы мен меншік түрлеріне қарамастан, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және өзге объектілерге, оның ішінде әскери-өнеркәсіп кешенінің объектілеріне, қорықтарға және басқа ерекше қорғалатын аумақтарға кедергісіз кіруге;

белгіленген тәртіппен жерді қорғау мен пайдалану жөніндегі ақпараттар мен есеп алуға;

жер иеленушілердің және жер пайдаланушылардың қатысуымен жерді тексеруге, жердің кімге берілу мақсатына сәйкес жерді қорғау мен жер учаскелерін пайдалану мәселелері жөнінде оларға орындау үшін нұсқау беруге, қажет болған жағдайда тексерудің нәтижесі бойынша акт (хаттама) жасауға;

агротехникалық және орман мелиорациялық жұмыстарын тоқтата тұруға, егер одан әрі жүргізе берсе топырақ құнарлылығын төмендететін эрозияның, тұзданудың, батпақтанудың және басқа процестердің күшеюіне, сондай-ақ жердің құнарлы қабатының бұзылуына соқтыратын жол құрылысын, гидротехникалық және өзге де құрылыс түрлерін, пайдалы қазбаларды өңдеуді, іздестіру және басқа жұмыстар жүргізуді тоқтата тұру туралы тиісті органдарға ұсыныс енгізуге;

егер:

а) жер өзі арналған мақсатқа пайдаланылмаса;

б) жер тиімсіз пайдаланып, ауыл шаруашылығына арналған жайылым үшін үш жыл бойы қатарынан кадастрлық баға беру бойынша нормативтен төмен шығымдылық деңгейінде көрінсе;

в) жер учаскесі топырақ құнарлылығын төмендететін, оны химиялық және радиоактивті ластануға, экологиялық жағдайды нашарлатуға алып келетін әдістермен пайдаланылса;

г) атыздарға зиянды және тиым салынған арамшөптер өсіп кетсе;

д) суармалы жерлер батпақтануға, қайталап тұздануға және ирригациялық

эрозия ошақтарын туғызуға алып келетін әдістермен пайдаланылса;

е) ауыл шаруашылығы үшін берілген жер учаскесі (шаруа қожалығына берілген жер бұған кірмейді) бір жыл ішінде және ауыл шаруашылық емес мақсатқа берілген жер учаскесі екі жыл ішінде пайдаланылмаса халық депутаттарының жергілікті Кеңестеріне, жергілікті әкімдерге жер иеленушілерден және жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қою туралы ұсыныс енгізуге;

жерді қорғау топырақ құнарлылығын арттыру және пайдаланылмай жатқан жерді ауыл шаруашылық айналымына тарту жөніндегі шараларды орындауда ерекше көзге түскен қызметкерлерді көтермелеу туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс жасауға;

құрылыс объектілерінің, жерді мелиорациялау жобаларын және жерлерді ауыл шаруашылық айналымынан шығаруды көздейтін басқа да жобалар мен сызбаларды сараптауға қатысуға;

мелиорацияланған және рекультивацияланған жерлерді, қорғаныш екпе ағаштарды, эрозияға қарсы құрылыстар мен басқа да объектілерді және жердің құнарлылығын арттыру мен қорғау мақсатында салынған құрылыстарды пайдалануға қабылдауға қатысуға;

барлық жер пайдаланушылар мен жер иеленушілерден жерге орналастыру қызметінің құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті мәліметтер мен құжаттар беруді талап етуге;

жер заңдарының бұзылғандығы туралы анықталған жайларды Қазақстан Республикасының жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылаудың тиісті актісімен ресімдеп, жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі республикалық, облыстық, аудандық, Алматы және Ленинск қалалық органдарының басшыларына тапсыруға хұқығы бар.

39. Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі республикалық, облыстық, аудандық, Алматы және Ленинск қалалық комитеттердің төрағалары әкімшілік хұқық бұзушылық жөніндегі материалдарды 15 күн мерзім ішінде қарайды және белгіленген әкімшілік жаза қолданады.

40. Тиісті жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет төрағасының әкімшілік жаза қолдану туралы шешіміне 10 күн мерзім ішінде бағыныстылығы бойынша оның жоғары тұрған ұйымына шағым берілуі мүмкін.

V. Мемжерком органдарының халық депутаттары жергілікті Кеңестерімен, жергілікті әкімдермен және басқа ұйымдармен өзара іс-әрекеті

41. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары жер қатынастары мен жерге орналастыруды реттеу мәселесінде тиісті халық депутаттары Кеңестерімен,

жергілікті әкімдермен өзара іс-әрекет жасайды.

Мемжерком органдарының мамандары осы мақсатта:

жер учаскелерін алып қою, беру және ауыстырып беру, иелену, пайдалану немесе жалға беру туралы ұсыныс әзірлейді;

колхоздардан, совхоздардан және басқа жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардан заңдарда белгіленген жағдайларға орай алынған жерлерден тиісті халық депутаттары Кеңестерінің арнаулы жер қорын жасау жөніндегі материалдарды әзірлейді;

жер учаскелерін иеленуге және пайдалануға хұқық беретін мемлекеттік акті беруге материалдар дайындайды;

жайылымды пайдаланудың бір түрінен екінші түріне аудару туралы ұсыныс енгізеді;

қолда бар жерлер және оларды категориялары, құнарлылығы бойынша жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға бөлу, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау, бұзылған жерді рекультивациялау, құнарлы қабатын алу және пайдалану туралы есеп беріп отырады.

42. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары:

а) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және оның жергілікті жерлердегі органдарымен:

жер реформасын жүргізу және жер ресурстарын пайдалану бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру;

ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өтінімдері бойынша жобалау-іздістіру және жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінің ауыл шаруашылық кәсіпорындарында пайдаланылмай жатқан және тиімсіз пайдаланып жүрген жерлерді анықтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

ауыл шаруашылық кәсіпорындарына қатысты жер қатынастарын реттеу;

топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру;

жердің сапалық жайының жойылуы және нашарлауы арқылы келген нұқсанды анықтау;

ауыл шаруашылығы өндірісінде жер ресурстарын пайдалану бағдарламаларын, сызбаларын және жобаларын сараптан өткізу;

жер үшін төлемді анықтау үшін негізге алынатын деректерді әзірлеу бөлігінде;

б) Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен және оның жергілікті жерлердегі органдарымен;

жерді қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру;

жерді қорғау мәселелері жөніндегі заң және басқа нормативтік актілер

